

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Қостанай облысы Қостанай ауданы Белозер ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 7 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 10 қыркүйекте № 24296 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы Белозер ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы Белозер ауылдық округі әкімінің 24.06.2022 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес және Қостанай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2021 жылғы 28 маусымдағы № 01-30/580 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Қостанай ауданы Белозер ауылдық округінің Белозер ауылы аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне, "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық – эпидемиологиялық бақылау комитеті Қостанай облысының санитариялық – эпидемиологиялық бақылау департаменті Қостанай аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Қостанай ауданының Белозер ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қостанай ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Белозер ауылдық округінің әкімі

Е. Байжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ